

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

8D022 - Гуманитарлық ғылымдар (Тарих)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ(БП)	10
1.	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Педагогикалық қызметте Қазақстан тарихы мен дүниежүзілік тарихтың әр түрлі аспектілерін оқытуда тарихи пәндерді оқытудың әдістемесі мен дидактикалық принциптерін қолдану. Техникалық құралдарды, атап айтқанда мультимедиялық техниканы, презентацияларды, видеоконференцияларды, чаттарды, компьютерлік тестілеуді және қашықтықтан оқытудың электрондық жүйелерін пайдалана отырып, сабақтарды жүргізу әдістері мен білімді бақылау әдістемесі.</p>	5
КП 2	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	43
1.	<p>Орталық Азия елдерінің этнодемографиялық дамуындағы өзекті мәселелер</p> <p>Орта Азия елдерінің КСРО ыдырағаннан кейінгі дамуы. Миграциялық ахуалы. Миграциялық қауіпсіздік мәселесі. Оралмандар мәселесі: тарихы мен қазіргі жағдай. Қазақстандағы, Өзбекстандағы, Қырғыздағы, Тәжікстандағы, Түркменстандағы демографиялық ахуал. Демографиялық даму еліміздің қауіпсіздігінің басты кепілі (талдау). Орталық Азия және қазіргі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесі. Тәуелсіз Орта Азия елдері аймақтық қауіпсіздік жүйесінде.</p>	5
2.	<p>Халық тарихы: концепциялар, зерттеу модельдері</p> <p>Курс аясында қоғам өмірінің қазіргі тарихнамасы зерттеуге алынады. Халық тарихы американдық тарихнаманың бағыты ретінде. Г. Зинннің "АҚШ-тың халық тарихы" кітабын талдау. Тарихты зерделеудің пәнаралық тәсілдері. Коммеморация практикалары: өткен тарихтың жеке, ұжымдық және жеке имиджін жасау жолдары. Тарихи білім институттары және олардың репрезентациясы. Тарихи зерттеудегі өмірбаяны мен отбасылық жады.</p>	5
3.	<p>Ұлттық тарихнама: даму бағыттары</p> <p>Ұлттық тарихнаманың жаңа теориялық аспектілері. Марксистік тарихнаманың негізгі мәселелері және түсініктері. Отандық тарихи ғылымында жаңа теориялық-методологиялық концепциялар. Отан тарихының қалыптасуындағы негізгі факторлар мен өзгерістер. Қазақстанның қазіргі тарихнамасындағы Ресейдің отарлауы және қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері. Қазақстандағы кеңестік модернизация: проблеманың тарихнамасы. Қазақстандағы кейінгі оқиғаларға жаңа көзқарас.</p>	5
4.	<p>Зерттеу практикасы</p> <p>Докторанттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу практикасының мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады.</p>	18

